

"Терроршылдыққа, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 4 қаңтар N 3

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Терроршылдыққа, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Терроршылдыққа, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес
туралы Шанхай конвенциясын бекіту туралы

2001 жылғы 15 маусымда Шанхайда жасалған Терроршылдыққа, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясы бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Терроризм, сепаратизм және экстремизммен
күресу жөніндегі Шанхай конвенциясы

Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы,
Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы (бұдан әрі
- Т а р а п т а р) ,

ең алдымен Біріккен ұлттар ұйымының (БҰҰ) жарғысындағы халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау, мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды және ынтымақтастықты дамыту мақсаттары мен қағидаларын басшылыққа ала отырып;

халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке, мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды дамыту, сонымен қатар адамның негізгі құқықтары мен бостандығын жүзеге асыру жолдарына терроризм, сепаратизм және экстремизмнің қауіп-қатерін
с е з і н е о т ы р ы п ;

аталған құбылыстар Тараптардың аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігіне, сондай-ақ олардың саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықтарына салықалы қауіпін
м о й ы н д а й о т ы р ы п ;

1998 жылғы 3 шілдедегі Алматыдағы біріккен мәлімдеме, 1999 жылғы 25 тамыздағы Бішкек, 2000 жылғы 5 шілдедегі Душанбе және 2001 жылғы 15 маусымдағы "Шанхай ынтымақтастық ұйымын" құру жөніндегі декларациялардың қағидаларын
б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ;

терроризм, сепаратизм және экстремизм осы Конвенцияда анықталғандай

олардың себептеріне қарамастан, ешқандай жағдайда ақталмайтындығына, ал аталмыш әрекеттерді істеген айыпты адам міндетті түрде заңға сәйкес жауапқа тартылатынына берік сенім білдіре отырып;

осы Конвенция шеңберінде Тараптардың бірігіп күш қолдануы терроризм, сепаратизм және экстремизмге қарсы күресуде тиімді нысан екеніне сенім білдіре отырып,

төмендегілермен келіседі:

1-бап

1. Осы Конвенция мақсаттары үшін қолданылатын терминдер төмендегіні білдіреді:

1) "терроршылдық":

а) осы Конвенция қосымшасында тіркелген (бұдан әрі - Қосымша) шарттарда және де осы шартта анықталғандай қылмыс ретінде саналатын қандай болса да әрекет;

б) қарулы қақтығыс жағдайында соғыс қимылдарына белсенді қатыспайтын қандай болса да азаматтық тұлғаға немесе басқа тұлғаға, оны өлтіруге немесе оған ауыр дене зақымын келтіруге, сондай-ақ қандай да болсын материалдық объектіге едәуір нұқсан келтіруге пара пар осындай әрекетті ұйымдастыру, жоспарлау, оның орындалуына дем беру, оған азғырушылық жасау, егерде осындай әрекет мақсаты, оның сипаты немесе

контексті халықты қорқытуға, қоғамдық қауіпсіздікті бұзуға немесе өкімет органдарын не болмаса халықаралық ұйымды қандай да бір әрекет істеуге немесе оны істеуден қаймықтыруға бағытталған,

және де Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес қылмыс ретінде қуғындалушы келген басқа әрекет;

2) "сепаратизм" - мемлекеттердің аумақтық тұтастығын бұзуға, соның ішінде оның аумағының бір бөлігін одан бөлуге немесе мемлекетті күшпен интеграцияны болдырмауға бағытталған пара пар осындай әрекеттерді жоспарлау және дайындау, оның орындалуына дем беру, оған азғырушылық жасау,

және Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес қандай да болсын қылмыс ретінде қуғындалушы әрекет;

3) "экстремизм" - билікті күшпен басып алуға немесе күшпен ұстап тұруға, сонымен қатар мемлекеттің конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге пара пар қоғамдық қауіпсіздікке күшпен озбырлық жасауға бағытталған, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген мақсаттарда заңсыз қарулы жасақтарды ұйымдастыру немесе оларға қатысу,

және Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес қандай да болсын қылмыс ретінде қуғындалушы әрекет.

2. Бұл бап жоғарыда көрсетілген терминдерді терең қолдануға болатын ережесі бар немесе болуы мүмкін қандай да болсын халықаралық келісім-шарттарға немесе Тараптардың қандай да болсын ұлттық заңдарына қайшы келмейді.

2 - б а п

1. Тараптар осы Конвенцияға, басқа да халықаралық міндеттемелерге сәйкес, сонымен қатар өздерінің ұлттық заңдарын ескере отырып, осы Конвенцияның 1-бабының 1-тармағында көрсетілген әрекеттерді алдын алуда, айқындауда және жолын кесуде ынтымақтастық білдіреді.

2. Тараптар өзара қарым-қатынастарында осы Конвенцияның 1-бабының 1-тармағында көрсетілген әрекеттерді, оларды істеген қылмыскерлерді бір-біріне беру шарты бар қылмыс ретінде қарастырады.

3. Осы Конвенцияны іске асыру кезінде, қылмыскерлерді беру және қылмысты істерді тергеуде құқықтық көмек көрсетумен байланысты туындаған сұрақтар бойынша Тараптар өздері қатысушы болып табылатын халықаралық келісім-шарттарға және де ұлттық заңдарын ескере отырып, ынтымақтастық жасайды.

3 - б а п

Тараптар осы Конвенцияның 1-бабының 1-тармағында көрсетілген әрекеттерді

саяси, философиялық, идеологиялық, нәсілдік, ұлыстық, діни немесе басқа да ұқсас сипаттамалар бойынша ақтауға жатпауы үшін және ауырлық дәрежесіне қарай жазалануы үшін ешқандай жағдайларда да, соның ішінде ұлттық заңдар саласындағы жағдайларға сәйкес қамтамасыз етуге қажетті деп саналатын шараларды қабылдайды.

4 - б а п

1. Осы Конвенцияның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны жөніндегі депозитарийдан хабар келіп түскеннен бастап 60 күн ішінде Тарап жазбаша түрде дипломатиялық арналар бойынша депозитарийға осы Конвенцияны орындауға жауапты өзінің орталық құзыретті органдарының тізімін жазбаша түрде жібереді. Тізімді депозитарий басқа Тараптарға жібереді.

2. Тараптардың орталық құзыретті органдары осы Конвенцияның ережелерін орындау барысында туындаған мәселелер бойынша бір-бірімен өзара қатынас жасайды және тікелей бірлесіп әрекет етеді.

3. Қайсы бір Тараптардың орталық құзыретті органдарының тізіміне өзгеріс енгізілетін болса, ол жақ осы жайында депозитарийға хабарлауы керек, ал ол бұл жөніндегі ақпаратты басқа Тараптарға жеткізеді.

5-бап

Тараптар өзара келісім бойынша кеңес беруі, пікір алмасуы, осы Конвенцияның 1-бабының 1-тармағында көрсетілген әрекеттермен күресу мәселелері бойынша, соның ішінде халықаралық ұйымдарда және халықаралық құрылтайларда көзқарастарын келістіруі мүмкін.

6-бап

Тараптардың орталық құзыретті органдары осы Конвенцияға сәйкес бір-біріне төмендегідей:

1) ақпарат алмасу;

2) жедел іздестіру шаралар жүргізу туралы сұрау салуларды орындау;

3) осы Конвенцияның 1-бабының 1-тармағында көрсетілген әрекеттердің алдын алу, оларды айқындау және жолын кесу үшін келісілген шараларды әзірлеу мен қабылдау және олардың қорытындылары жөнінде бір-біріне хабарлау;

4) өз мемлекетінде басқа Тараптарға қарсы бағытталған осы Конвенцияның 1-

бабының 1-тармағында көрсетілген әрекеттердің алдын алу, айқындау және жолын кесу шараларын қабылдау;

5) осы Конвенцияның 1-бабының 1-тармағында көрсетілген әрекеттерді іске асыру үшін қандай да бір тұлғаға және (немесе) ұйымдарды қаржыландыру, оларға қару-жарақ пен оқ-дәрі жеткізу, одан да басқа жәрдемдесудің алдын алу, айқындау және жолын кесу шараларын қабылдау;

6) осы Конвенцияның 1-бабының 1-тармағында көрсетілген әрекеттерді іске асыруға бағытталған тұлға дайындау жұмыстардың алдын алу, оларды айқындау, жолын кесу, тыйым салу және тоқтату шараларын қабылдау;

7) нормативтік құқықтық актілермен және оларды іс-тәжірибе кезінде пайдалану материалдарымен өзара алмасу;

8) осы Конвенцияның 1-бабының 1-тармағында көрсетілген әрекеттердің алдын алу, айқындау және жолын кесу тәжірибесімен алмасу;

9) әртүрлі нысандарда өздерінің мамандарын дайындау, қайта дайындау және біліктіліктерін жоғарылату;

10) Тараптар өзара келісім бойынша басқа да ынтымақтастық нысандарына қол жете алады, сондай-ақ қажет кездерде, осы Конвенцияның 1-бабының 1-тармағында көрсетілген әрекеттердің жолын кесудегі іс-тәжірибе ретінде көмек көрсету жолдарымен ынтымақтастық жасайды және жәрдемдеседі.

Мұндай келісімдер тиісті хаттамалармен ресімделеді, олар осы Конвенцияның ажыратылмайтын бөлігі болып табылады.

7 - б а п

Тараптардың орталық құзыретті органдары өзара мүдделі деген ақпараттармен алмасады, соның ішінде:

1) осы Конвенцияның 1-бабының 1-тармағында көрсетілген әрекеттердің дайындалуы мен іске асырылуы және оларды іске асыру әрекеттерінің жолын кесу туралы;

2) осы Конвенцияның 1-бабының 1-тармағында көрсетілген әрекеттерді елбасыларына немесе басқа да мемлекет қайраткерлерін, дипломатиялық өкілдік, консулдық мекемелер және халықаралық ұйым қызметкерлеріне одан да басқа халықаралық қорғауға алынған тұлғаларға және де мемлекеттік сапар, халықаралық және мемлекеттік саяси, спорт және басқа мерекелерге қатысушыларға қарсы дайындау жөнінде;

3) осы Конвенцияның 1-бабының 1-тармағында көрсетілген әрекеттерді дайындап және (немесе) іске асырып жатқан ұйымдар, топтар және жеке тұлғалар жайында, сонымен қатар осындай әрекеттерге басқадай түрде қатысушылар туралы, оның ішінде олардың мақсаттары, міндеттері, байланыстары және басқа да мәліметтері;

4) осы Конвенцияның 1-бабының 1-тармағында көрсетілген әрекеттерді іске асыру мақсатымен күшті әсер ететін улы, уландыратын, жарылғыш заттарды, радиоактивті материалдарды, қару-жарақты, жарылғыш құрылғыларды, дәрімен атылатын қаруды, оқ-дәріні, ядролық, химиялық, биологиялық және жаппай жою қаруларының басқа түрлерін, оларды дайындауға арналған материалдар мен жабдықтарды заңсыз түрде әзірлеу, сатып алу, сақтау, беру және пайдалану жөнінде;

5) осы Конвенцияның 1-бабының 1-тармағында көрсетілген әрекеттерді айқындалған немесе болжамдалған қаржыландыру көздері жайында;

6) осы Конвенцияның 1-бабының 1-тармағында көрсетілген әрекеттерді іске асыру нысандары, әдістері және құралдары жайында.

8 - б а п

1. Тараптардың орталық құзыретті органдары арасындағы өзара іс-қимыл осы Конвенция шеңберінде жәрдем көрсету туралы сұрау салулар негізінде екі жақты және көп жақты көлемде, сондай-ақ бір келісуші Тараптың орталық құзыретті органының талабы бойынша ақпарат беру жолымен жүзеге асады.

2. Сұрау салулар мен ақпараттар жазбаша түрде жіберіледі. Төтенше жағдайларда сұрау салулар мен ақпараттар ауызша да жіберіледі, бірақ соңынан 72 сағат ішінде олар жазбаша түрде расталуы тиіс және қажет болған жағдайда олардың мәтінін жіберу үшін техникалық құралдарды пайдалануға болады.

Сұрау салудың немесе ақпараттың не болмаса олардың мағынасының шынайылығы жөнінде күдік туған жағдайда, оларды растау немесе түсіндірме беру туралы қосымша сұрау жіберілуі мүмкін.

3 . С ұ р а у с а л у д а :

- а) сұрау салушы және сұралушы орталық құзыретті органдардың атаулары;
- ә) сұрау салу мақсаты және негізі;
- б) жәрдемдесу туралы сұрау салудың мазмұны;
- в) сұрау салудың уақытында және тиісті түрде орындалуына пайдалы басқа да ақпарат ;
- г) керек болған жағдайда оны шектеу дәрежесі көрсетілуге тиіс.

4. Жазбаша түрде орындалған сұрау салулар немесе ақпараттар оларды жіберуші орталық құзыретті органның бастығы немесе оның орынбасарларының қолымен бекітіледі немесе осы орталық құзыретті органның елтаңбалық мөрімен куәландырылады .

5. Сұрау салу және онымен жолданатын құжаттар, сондай-ақ ақпарат орталық құзыретті органмен осы Конвенцияның 15-бабында көрсетілген бір жұмыс тілінде жіберіледі .

1. Сұрау салуды орындайтын орталық құзыретті орган оның тез арада және мүмкіндігінше толық орындалуы үшін барлық тиісті деген шараларды қабылдайды және мүмкіндігінше аз уақыт ішінде оны қарастыру нәтижесі жайында хабарлайды.

2. Сұрау салушы орталық құзыретті орган оны орындау барысында бөгет болған немесе оның орындалуын елеулі түрде кідіртетін жағдайлар туралы тез арада ескертіледі.

3. Егер де сұрау салу сұралушы орталық құзыретті органның құзыретіне жатпаса, ол оны орындауға құзыретті өз мемлекетінің басқа орталық құзыретті органына береді және ол жайында сұрау салушы орталық құзыретті органға тез арада ескерту жібереді.

4. Сұралушы орталық құзыретті орган сұрау салуды орындау үшін қажет болар деген қосымша мәліметтерді сұрата алады.

5. Сұрау салуды орындау кезінде сұралушы Тараптың заңы қолданылады. Сұрау салушы орталық құзыретті органның өтініші бойынша сұрау салушы Тараптың заңы қолданылуы мүмкін, егер де бұл сұралушы Тараптың заңының негізгі қағидаларына және халықаралық міндеттемелерге қайшы келмесе.

6. Егер де сұралушы орталық құзыретті орган сұрау салуды орындау өз мемлекетінің тәуелсіздігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе басқа да маңызды мүдделеріне зиян келтіреді, не болмаса заңына немесе халықаралық міндеттемелерге қайшы келеді деп шешкен жағдайда, ол кейінге қалдырылуы не болмаса толығымен немесе жартылай орындалмауы мүмкін.

7. Егер де сұрау салудағы әрекет сұралушы жақтың заңына сәйкес қылмыс болып саналмаса, оны орындаудан бас тартуға болады.

8. Егер де осы баптың 6 және 7-тармағына сәйкес сұрау салу толығымен немесе жартылай орындалмайтын болса не болмаса ол кейінге қалдырылса бұл жөнінде сұраушы жақ жазбаша түрде ескертіледі.

Осы Конвенцияның 1-бабының 1-тармағында көрсетілген әрекеттермен тиімді күресу үшін Бішкек қаласында террорға қарсы аймақтық құрылым құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатымен келісуші Тараптар бөлек келісімдер жасайды және басқа да керек құжаттар қабылдайды.

1) Осы Конвенцияны іске асыру мақсатымен Тараптардың орталық құзыретті органдарының төтенше байланыс жолдарын құруларына болады және кезекті немесе

кезектен тыс кездесулер жүргізе алады.

2) Осы Конвенция ережелерін жүзеге асыру мақсатында керек болған жағдайларда Тараптар бір-біріне техникалық және материалдық көмек көрсете алады.

3) Осы Конвенция негізінде бір Тарап екінші Тараптан материалды, арнайы құралдар, жабдықтар және техникалар алса оларды осы Тараптың алдын ала жазбаша келісуінсіз басқа бір тарапқа беруге қақысы жоқ.

4) Осы Конвенция шеңберінде көмек көрсету кезінде келісуші Тараптардың орталық құзыретті органдарының жедел іздестіру шараларын жүргізу әдістері, арнайы күштер мен құралдары, қамтамасыз ету материалдары жөніндегі мәліметтер жария е т і л м е й д і .

1 2 - б а п

Тараптардың орталық құзыретті органдары осы Конвенцияның орындалу тәртібін одан да жете реттеу туралы өзара келісулер жасай алады.

1 3 - б а п

1. Әрбір Тарап өзі алған ақпараттар мен құжаттардың егер де олар жабық мазмұнды болса немесе беруші Тарап оларды жария еткісі келмесе, құпиялылығын сақтайды. Ақпараттар мен құжаттардың жабық дәрежесін оларды беруші Тарап анықтайды.

2. Осы Конвенция негізінде алынған ақпараттарды немесе сұрау салуды орындау нәтижелері, оларды берген Тараптың жазбаша келісімісіз сұралған немесе берілген мақсаттардан басқа жағдайларда пайдалануға болмайды.

3. Осы Конвенция негізінде бір Тарап екінші Тараптан алған ақпараттар мен құжаттарды оларды берген Тараптың алдын ала жазбаша келісімісіз берілмейді.

14-бап

Тараптар, егер де өзге тәртіп келісілмеген болса, осы Конвенцияны орындауға байланысты шығындарды өздері көтереді.

15-бап

Осы Конвенция шеңберінде Тараптардың орталық құзыретті органдарының

ынтымақтастық жасау тілдері болып орыс және қытай тілдері табылады.

1 6 - б а п

Осы Конвенция Тараптардың осы Конвенцияның мәселесі болып табылатын мәселелері бойынша басқа да халықаралық келісімдер жүргізу құқықтарын шектемейді.

Осы Конвенция Тараптардың, осы Конвенция заты болып табылатын және де оның мақсаты мен объектілеріне қайшы келмейтін сұрақтар бойынша басқа да халықаралық келісімдер жасау құқықтарын шектемейді, сонымен бірге Тараптар басқа да халықаралық келісімдердің қатысушысы болатын жағдайда, олардың осы келісімдерден шығатын құқықтары мен міндеттеріне тимейді.

1 7 - б а п

Осы Конвенцияны пайымдау немесе қолдану барысында туындаған даулы сұрақтар өзара мүдделес Тараптар келісуші жақтар арасында консультациялар және келіссөздер өткізу арқылы шешіледі.

1 8 - ш і - б а п

1. Осы Конвенция депозитарийы болып Қытай Халық Республикасы табылады. Осы Конвенцияның ресми көшірмелері басқа келісуші жақтарға депозитариймен оған қол қойғаннан кейін 15 күн ішінде жіберіледі;

2. Осы Конвенция, Қазақстан Республикасынан, Қытай Халық Республикасынан, Қырғыз Республикасынан, Ресей Федерациясынан, Тәжікстан Республикасынан және Өзбекстан Республикасынан, осы Конвенция күшіне ену үшін тиісті мемлекет ішіндегі процедуралар жүргізілгені жөніндегі соңғы жазбаша хабарландыру депозитарийға түскен күннен бастағанда 30-шы күні күшіне енеді.

1 9 - б а п

1. Осы Конвенция күшіне енгеннен кейін оған Тараптардың келісімі бойынша басқа да мемлекеттер қосыла алады;

2. Қосылушы мемлекетке бұл Конвенция, одан депозитарийға осы Конвенция күшіне ену үшін тиісті мемлекет ішіндегі процедуралар жүргізілгені жөнінде хабарландыру түскен күннен бастағанда 30-шы күні күшіне енеді. Осы күннен бастап қосылушы мемлекет Тарап келісуші жақ болып саналады.

1. Осы Конвенция мәтініне барлық Тараптардың келісімі бойынша өзгерістер мен толықтаулар енгізілуі мүмкін. Олар осы Конвенцияның ажыратылмайтын бөлігі болып табылатын Хаттамалармен рәсімделеді.

2. Кез келген Тарап осы Конвенциядан шыға алады, ол үшін депозитарийға шығу мерзімінен 12 ай бұрын жазбаша хабарландыру жіберуі тиіс. Депозитарий шығу туралы хабарландыру алған күннен бастап 30-ші күн ішінде басқа Тараптарға хабардар етеді.

1. Депозитарийға осы Конвенция күшіне ену үшін мемлекет ішіндегі рәсім орындалғандығы туралы хабарлама беру кезінде Қосымшада көрсетілген келісімдердің біреуіне қатыспайтын Тарап, бұл Конвенцияны осы Тарапқа қолдану кезінде ол келісім Қосымшаға кірмеген деп есептейтіндігін мәлімдей алады. Бұндай хабарлама депозитарийға осы Тараптар үшін бұл келісімнің күшіне енгендігі туралы хабардар етілгеннен кейін күшін жояды.

2. Тараптар қосымшада көрсетілген келісімдердің біреуіне қатысушылығын тоқтатса, осы баптың 1-тармағында қарастырылғандай мәлімдеме жасайды.

3. Қосымша келесі шарттарға жауап беретін келісімдермен толықтырыла алады:

- 1) барлық мемлекеттердің қатысуына ашықтығы;
- 2) күшіне енгендер;

3) ратификацияланған, қабылданған, бекітілген немесе осы Конвенцияның кем дегенде үш Тарабы қосылған.

4. Осы Конвенция күшіне енгеннен кейін кез келген Тарап Қосымшаға өзгерістер енгізуге ұсыныстар жасай алады. Қосымшаға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар депозитарийға жазбаша түрде жіберіледі. Депозитарий осы баптың 3-тармағының талаптарына жауап беретін барлық ұсыныстар жайында қалған Тараптарға хабардар етеді және олардан ұсынылып отырған өзгерістерді қабылдауға болатындығы туралы пікірлерін сұрайды.

5. Ұсынылып отырған өзгерістер депозитарий Тараптарға осы өзгерістер жайында хабардар еткен күннен бастап 130 күн өткеннен кейін және осы Конвенция Тараптарының үштен бір бөлігі қарсылық білдіретіндіктерін депозитарийларға жазбаша хабарламаған жағдайда, қабылданған және күшіне енген болып саналады.

Осы Конвенция 2001 жылы 15 маусымда Шанхайда бір түпнұсқа данада орыс және қытай тілдерінде қабылданған, және де екі мәтіннің де бірдей күштері бар.

Қазақстан Республикасы үшін

Қытай Халық Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін

Өзбекстан Республикасы үшін

Терроризм, сепаратизм және экстремизммен
күрес туралы Шанхай конвенциясына қосымша

1. 1970 жылы 16 желтоқсанда Гаагада жасалған Әуе кемелерін заңсыз басып алумен күрес туралы конвенция.

2. 1971 жылы 23 қыркүйекте Монреалда жасалған Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілермен күрес туралы конвенция.

3. 1973 жылы 14 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясында қабылданған Халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаларға, соның ішінде дипломатиялық агенттерге қарсы қылмыстарды болдырмау және жазалау конвенциясы.

4. 1979 жылы 17 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясында қабылданған Адамдарды кепілдікке алуға қарсы күрес туралы халықаралық конвенция.

5. 1980 жылы 3 наурызда Венада қабылданған Ядролық заттарды адамдардың қорғауы туралы халықаралық конвенция.

6. Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілермен күрес туралы конвенцияны толықтыратын 1988 жылы 24 ақпанда Монреалда қабылданған Халықаралық азаматтық авиацияға қызмет көрсету әуежайларында заңсыз зорлық актілерімен күрес туралы жасалған хаттама.

7. 1988 жылы 10 наурызда Римде қабылданған Теңіз кеме жүзу

қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілермен күрес туралы конвенция.

8. 1988 жылы 10 наурызында Римде жасалған Құрлық қайраңдарда орналасқан стационарлық тұғырнамаларға қарсы бағытталған заңсыз актілермен күрес туралы хаттама.

9. 1997 жылы 15 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясында қабылданған

Бомбалық терроршылдықпен күрес туралы халықаралық конвенция.

10. 1999 жылы 9 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясында қабылданған
Терроршылдықты қаржыландырумен күрес туралы халықаралық конвенция.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК